«Сүттіқұдық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Милениум Строй» ЖШС, «Экспертнадзор» ЖШС мен «X Project 2050» ЖШС өзара бірлесе отырып, ауылдық округтің әлеуметтік-экономиялық жағдайын жақсарту жөніндегі жобаларды іс жүзіне асыру туралы жасасқан

№14 МЕМОРАНДУМ

«Сүттіқұдық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан ауылдық округінің әкімі Абуов И.Ә., «Милениум Строй» ЖШС-нің тарапынан А.А. Алматов, «Экспертнадзор» ЖШС-нің тарапынан Қ.Ә.Сисенбеков және «X Project 2050» ЖШС-нің тарапынан Т.Ш. Сырымов әрі қарай тараптар: Осы әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыру жөнінде төмендегідей келісімге келді:

1-бап

Осы Меморандумның негізгі мақсаты әлеуметтік жобаны бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі көлемінде іс жүзіне асыру. Жоба және құрылыс жұмыстары мердігер ұйымның есебінен жүзеге асырылады.

2- бап

Осы Меморандум көлемінде бірлескен қарым-қатынастың келесі түрлері қарастырылады:

а) Әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыруға ықпал жасау;

а) Жобаны іс жүзіне асыру жолдары мен түрлерін талқылауға кездесулер өткізу;

б) Қосымша тараптардың келісуімен басқа да қарым-қатынас түрлері.

3-бап

«X Project 2050» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2024 жылы Сүттіқұдық ауылдық округі Тақыркөл ауылының №14 көшесі бойы қиыршық тастан жол құрылысы бойынша жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуді міндетіне алады.

4-бап

«Милениум Строй» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2024 жылы Сүттіқұдық ауылдық округі Тақыркөл ауылының №14 көшесі бойы қиыршық тастан жол құрылысын аяқтап «Сүттіқұдық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі теңгеріміне өткізуді өз міндетіне алады.

5-бап

«Экспертнадзор» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2024 жылы Сүттіқұдық ауылдық округі Тақыркөл ауылының №14 көшесі бойы қиыршық тастан жол құрылысының жұмыс барысын және жоба-сметалық құжаттарына сәйкес жұмыстың орындалу сапасын қадағалайды.

6-бап

«Сүттіқұдық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі екінші тараптың Сүттіқұдық ауылдық округі Тақыркөл ауылының №14 көшесі бойы қиыршық тастан жол құрылысын, құжаттарды уақытылы, коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне өткізуді заңға сәйкес рәсімдейді.

Осы Меморандумға қол қоюшы тараптар өздерінің өкілеттігіне қарай өзара келіспеушілік туындаған мәселелерді шешуге жауапкершілікпен қарауды міндетіне алады.

7-бап

Осы Меморандум тараптардың өзара келісімі арқылы өзгерістер мен қосымшалар енгізуге болатындығын және осы меморандумның бөлінбейтін бір бөлігі болады.

8-бап

Осы Меморандум тараптардың қол қойған уақытынан бастап әлеуметтік жобаның іс жүзіне асыру мерзімі біткенге дейін күшінде болады.

Меморандум Сүттіқұдық ауылдық округі Тақыркөл ауылында 2024 жылы 15 мамырда___4__дана жасалды.

Меморандумға қол қоюшылар:

Ауылдық округі әкімі И.Ә.Абуов	X Project 2050» ЖШС-нің директоры Т.Ш.Сырымов	«Экспертнадзор» ЖШС-нің директоры Қ.Ә.Сисенбеков	«Милениум Строй» ЖШС-нің директоры А.А.Алматов